

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2021 жылғы 23 қыркүйек**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

Серікқали Аманғалиұлы, сізді министр болып тағайындалуыңызбен құттықтаймыз. Жауапты қызметіңізге табыс пен сәттілік тілейміз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Каспий теңізінде көмірсутегі шикізатының ірі қорының болуы су қоймасының экологиясы мен биологиялық ресурстарын сақтау мәселесін өзекті етеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың шарттық базасын кеңейту мақсатында Қазақстан негіздемелік конвенция бойынша бірқатар хаттамаларға қол қойды.

Солардың бірі 2018 жылғы 20 шілдедегі Мәскеуде Каспий маңы мемлекеттері – Өзірбайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Ресей Федерациясы, Түрікменстан және Қазақстан Республикасы қол қойған трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы хаттама.

Хаттаманы реттеуге жататын қызмет түрлері анықталды: мұнай өңдеу зауыттары, жылу қуаты 300 мегаватт немесе одан жоғары жылу электр станциялары мен басқа да жану қондырғылары, атом электр станциялары мен басқа да атом реакторлары, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және басқа да қызмет түрлері.

Конвенция ережелерін іске асыру үшін 2021 жылғы 1 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде трансшекаралық экологиялық әсерді реттеу, оларды жүзеге асыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері бекітілген.

Қазақстанның трансшекаралық әсерлердің пайда болу тарабы ретінде қатысуы, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімі ел ішінде де, қатысты тараптар арасында да қатар жүргізіледі. Мысалы, Каспийде жаңа объектілер салынған жағдайда қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарына және мүдделі мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қатысты тараптарға қатар жіберіледі.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау хаттамасында және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 81-бабының 7-тармағында айқындалған қатысты тараптардың органдарымен консультацияларды ескере отырып, трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалауды өткізу мерзімі шамамен 6 айды құрайды.

Қоғамдық тыңдауларда көтерілген мәселелер бойынша түпкілікті шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарды тарта отырып қабылдайды.

Хаттама мүдделі органдармен ескертулерсіз келісілді, теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Серікқали Аманғалиұлына.

Наличие крупных запасов углеводородного сырья в Каспийском море актуализирует экологическую обстановку и вопрос сохранения биоресурсов не только для Казахстана, но и для других Прикаспийских государств.

Обеспечение сохранения окружающей среды в процессе недропользования следует постоянно держать на повестке дня. Это и является основной целью ратифицируемого протокола.

В этой связи, принимая во внимание положения протокола и статью 11 по постпроектному анализу, у меня возникают следующие вопросы.

Составлялся ли перечень недропользователей, принадлежащих Прикаспийским государствам, оказывающих значительное негативное трансграничное воздействие, деятельность которых должна быть оценена?

Проводились ли прогнозирование и оценка последствий на экономику Казахстана?  
Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

После ратификации данного протокола планируется составить перечень предприятий, принадлежащих Прикаспийским странам. Оценка воздействия на окружающую среду касается только планируемых видов деятельности. Протоколом определены виды деятельности, подпадающие под действие протокола.

Действующие предприятия на Каспии протоколом не регулируются, только могут подпадать в случае требования планируемой деятельности. Составлен перечень существующих предприятий. К примеру, по Атырауской области это деятельность по разведке и добыче нефти компаний «Норт Каспиан оперейтинг компани», «КоЖаН», «Эмбаунайгаз», «Исатай Оперейтинг Компани», по Магистауской области в этот перечень вошли компании «Бузачи нефть», «Меруерт Оперейтинг», «Женис Оперейтинг», а также порт Курык и Актауский морской торговый порт.

Во время проведения оценки воздействия на окружающую среду замечания и предложения затрагиваемых сторон носят рекомендательный характер, никаких запретительных мер они не имеют. Действие протокола для экономики Казахстана никаких негативных последствий иметь не будет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серікқали Аманғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Нұралиев Әбделі Тоқбергелұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлы заң жобасы бойынша толық баяндап өтті.

Хаттаманың мақсаты теңіз ортасы мен құрлықтың ластануын болғызбау, азайту және бақылау, оның биоалуантүрлілігін сақтап, оның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға жәрдемдесу және адам денсаулығын қорғау үшін жоспарланып отырған трансшекаралық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалаудың тиімді және ашық рәсімдерін жүргізу болып табылады.

Осы хаттаманы ратификациялау:

жоспарланып отырған қызметтің түрлеріне қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалау хаттамасының ережелерін орындауға, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалауға және ол жөніндегі құжаттарды дайындауға мүмкіндік беретін рәсімді әзірлеу үшін заңнамалық, әкімшілік немесе басқа да шаралар қабылдауға;

қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің бастапқы кезеңінен бастап жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Хаттаманың ережелері халықаралық құқыққа сәйкес уағдаласушы тараптардың кез келген міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді. Траншекаралық экологиялық әсерді реттеу Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің 80-84 баптарында қарастырылған.

Ратификацияланған хаттаманың іске асырылуы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Заң жобасы жұмыс тобының және бас комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралды.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере келе Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет Әбдәлі Тоқбергенұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д. М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылғы Жолдауында экологиялық ахуалды жақсарту және қоршаған ортаны қорғау, биологиялық әркелкілікті сақтау, табиғат байлықтарын заңдық және нормативтік тұрғыдан қорғау мәселелерінің еліміз үшін маңыздылығын ерекше атап өтті.

Өздеріңізге белгілі, Каспий теңізінің елімізге тиесілі аймағының қоршаған орта тұрғысынан ерекшеліктерін ескерсек, бүгінгі қаралып отырған заң жобасының қабылдануы ерекше маңызды. Негіздемелік конвенцияға қол қойылғаннан кейін 15 жыл өткен соң тараптардың хаттамаға қол қоюы тарихи оқиға деуге болады.

Хаттаманы ратификациялау «Каспий бестігінің» мұнай мен газ кен орындарын игеру, жүк тасымалдауды ұйымдастыру, биологиялық ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғауда бірлескен шешімдер қабылдаудың рәсімдік мәселелерін реттейді.

Жалпы, аталған заң жобасы Каспийдің экологиялық проблемаларының әртүрлі бағыттары бойынша тараптардың ынтымақтасуына, сондай-ақ барлық Каспий маңы мемлекеттерінің арасындағы дәстүрлі достық байланыстарды одан әрі нығайтуға ықпал етері сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере келе қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Еліміз үшін Каспий теңізінің әлеуметтік және экономикалық маңызы зор. Сондықтан оның экологиялық жағдайы қашанда басты назарда.

Осы ретте бүгін қабылданған заң теңіз суы мен жағалауының ластануына жол бермеуге, оның биологиялық әралуандығын сақтауға және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар. Жұмыстарыңыз табысты болсын.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының басты мақсаттарының бірі мүгедектігі бар адамдарды, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларды, еңбек ардагерлерін және азаматтардың өзге де жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту, қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларға қатысты әлеуметтік әділеттілік орнату, мүгедек балалардың барлық топтары үшін аурудың ауырлық дәрежесіне қарай жәрдемақылар мөлшерін арттыру болып табылады.

Заң жобасын Сенаттың тұрақты комитеттері қолдады.

Баяндалғанды ескере келе Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нариман Төреғалиұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың, оның ішінде балалардың жағдайын жақсартуға, әлеуметтік теңсіздіктерді жоюға, қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіруге арналған.

Алдағы уақытта осы заң мүмкіндіктері шектеулі азаматтарымыздың және мүгедек балалары бар отбасылардың құқықтарын қамтамасыз етуге, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Еліміздің 14 облысынан сайланған сенаторлар қол қойған депутаттық сауалымыз Үкімет басшысының атына жолданады және бұл мәселе көптен бері айтылып, бірақ осы кезге дейін шешімін таппай келе жатқан еліміздегі аудандық, қалалық және облыстық мәслихат хатшылары мен тексеру комиссиясының мәртебесіне қатысты болмақ.

«Мемлекет басшысы үстіміздегі жылы өзінің халыққа арнаған Жолдауында жергілікті өкілді органдарға үлкен мән беріп «Мәслихаттар өкілді орган ретінде өңір қаражатының тиімді жұмсалуды бақылауға жауапты. Бірақ көп жағдайда олардың пікірі ескерусіз қалады. Осы орайда мәслихаттарға өңірді дамыту және ондаған жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан жергілікті түйткілді мәселелерді шешу үшін қол жинау және петиция жасау құзыретін беруге болады деп ойлаймыз.

Мәслихаттардың тексеру комиссияларын да күшейткен жөн. Үкімет пен Есеп комитетіне заңдарға енгізілетін тиісті түзетулер топтамасын әзірлеуді тапсырамын», – деп шегелеп атап көрсеткен болатын.

Біздер таяуда өңірлерде іссапарда болғанымызда жергілікті мәслихаттардың мәртебесін көтеру бойынша жұмыстарда әлі де шешімін таппаған мәселелердің бар екенінің куәсі болдық. Атап айтқанда, Үкіметтің 2021 жылғы маусымдағы қаулысына орай жергілікті деңгейде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 2 еседен артық көтерілген, алайда барлық деңгейдегі мәслихат хатшыларының еңбекақысы сол бұрынғы қалпында қалып қойды. Осы орайда айта кету керек, мұндай жағдай 2016 жылы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы көтерілгенде де орын алған еді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мәслихат хатшылары мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес жалақы алып, мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметіне толық жауапты болғанымен мемлекеттік қызметші болып табылмай, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген тұлға ретінде қаралады. Мәслихат хатшылары мемлекеттік саяси және мемлекеттік әкімшілік лауазымдық деңгейлер мен функционалдық блоктар бойынша бөлініске енгізілмеген. Сондықтан мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілердің лауазымдық айлық ақыларының схемасына да еңбегендіктен жалақысы көтерілмей қалды. Мысалы, аудандық деңгейдегі мәслихат хатшысы аудандық мәслихат аппараты басшысынан екі есе, бөлім басшысынан 50 пайыз төмен жалақы алады. Ал облыстық мәслихат хатшысы облыстық мәслихат аппараты басшысынан 50 пайыз төмен жалақы алады. Мысалы, Қызылорда облысында аудандық деңгейде мәслихат хатшысы 200 мың теңге, ал мәслихаттың аппарат басшысы 453 мың теңге, бөлім басшысы 302 мың теңге, ал облыстық деңгейде мәслихат хатшысы 467 мың теңге, ал мәслихаттың аппарат басшысы 634 мың теңге, бөлім басшысы 400 мың теңге жалақы алады. Мәслихат хатшыларының мәслихат аппараты қызметкерлерінен төмен жалақы алуы лауазымдық иерархия қағидаларының сақталмауына әкеліп соғуда.

Дәл осындай жағдай тексеру комиссиясы төрағалары мен тексеру комиссиясы мүшелерінің жалақысына да қатысты орын алып отыр. Тексеру комиссиясы төрағаларының жалақысы тек 33 пайызға, тексеру комиссиясы мүшелерінің жалақысы 17 пайызға ғана көбейді, ал басқа мемлекеттік қызметшілердің жалақысы екі немесе одан да көп есеге өсті. Бұл ретте тексеру комиссиясының мүшелері өз өкілеттіктеріне сәйкес жергілікті атқарушы органдар қызметі тиімділігінің тәуелсіз қорытындысын әзірлейтінін атап өткен жөн.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осыған орай барлық деңгейдегі мәслихат хатшылары мен тексеру комиссиясының мәртебесін Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеу туралы мәселені қарастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Бекенов, Перепечина, Дүйсембаев, Төреғалиев, Нухұлы, Құртаев, Қаниев, Қылышбаев, Орынбеков, Шелпеков, Ершов, Карплюк, Мусин, Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Өңірге сапар кезінде облыстың негізгі мәселесі жергілікті атқарушы органдар мен депутаттардың бірнеше рет өтініштеріне қарамастан бүгінгі күнге дейін өзінің оңтайлы шешімін таппаған бюджеттік алулар мәселесі болды.

Атырау облысының 2021 жылға арналған жергілікті бюджетінің кірістері 417 миллиард теңгені құрайды. Бұл сомадан 221 миллиард немесе 53 пайызынан аса қаржы республикалық бюджетке алынады.

Бүгінгі күні даму бюджеті қаражатының тапшылығы өткір мәселе болып отыр. 2021 жылғы жергілікті бюджетті дамыту бюджетінің 93,5 пайызы ауыспалы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін бағытталған, ал жаңа жобаларға небәрі 6,5 пайыз қаралды. Осылайша 2018 – 2021 жылдары басталған бюджеттік инвестициялық жобаларды толық аяқтауға жергілікті бюджеттен 88 миллиард теңге қосымша қажет болуда. Сонымен қатар аймақ тұрғындары үшін бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі бар.

Ағымдағы жылы облыс бойынша апатты жағдайдағы 81 үй бар. 4 апатты және 11 үш ауысымды мектеп бар. Тұрғын үй алу кезегінде 29 мың адам, жер телімін алуға 118 мың адам тіркелген. Жергілікті жолдардың қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі бар болғаны 61 пайызды құрайды. Бұл республика бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Тағы бір шешімін таппай келе жатқан мәселе ауызсу мәселесі. Атырау облысының бюджеттік алып қоюларының көлемі 2019 жылғы 105 миллиард теңгемен салыстырғанда екі есеге артқанын атап өту керек. 2021 жылы 214 миллиард теңге, 2022 жылы 221 миллиард теңге жоспарланып отыр.

Атырау үшін алып қоюлар мен трансферттердің басқа өңірлермен салыстырғанда анағұрлым төмен арақатынасына назар аударғымыз келеді.

Аталған мәселені шешу үшін 2022 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттен облысты дамытуға мақсатты трансферттерді алып қою сомасының 70 пайызынан кем емес мөлшерде ұлғайту ұсынылады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде келесі шығындарды ескеру ұсынылады:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» іске асыруға;

ағымдағы жылы облыстың жалпы білім беретін мектептерінде қосымша сынып-жинақтарды ұстауға мұғалімдердің еңбек ақысын шамамен 4 миллиард теңгеге қосымша қаржыландыру қажеттілігі туындап отыр.

Жаңа әдістемеді республикалық бюджет есебінен тұрғызылған жаңа нысандарды ұстау көзделген, ал жергілікті бюджет есебінен тұрғызылған нысандарды ұстау әдістемені жасақтауда қолдау таппаған. Одан басқа 2022 – 2023 жылдары әлеуметтік саланың шамамен 45 жаңа нысаны салынады және оларды ұстауға жыл сайын шамамен 3,5 миллиард теңге қажет.

Бұл ретте біздің 2021 жылғы 21 қаңтардағы депутаттық сауалға 3 жылдық әдістемені әзірлеуде облыстың бюджеттік даму мәселелері ескерілетіндігі туралы жауап алынды. Алайда жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесінің жобасында (көріп тұрғаныңыздай) Атырау облысы бойынша өзгерістер қарастырылмаған.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Сізден жоғарыдағы айтылғандарға байланысты Атырау облысының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджетке алуларды жыл сайын 65 миллиард теңге мөлшерінде азайту есебінен донор-өңірдің даму бюджетін қайта қарауды сұраймыз.



Құрметпен, Атырау облысынан сайланған Сенат және Мәжіліс депутаттары».  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сауалым Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Рахметоллақызы Райымқұловаға жолданады (барынша қысқартылған мәтіні). Бейжіңдегі XXIV қысқы Олимпиада ойындарына дайындық туралы.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Токиода өткен жазғы ойындарға қатысқан отандық құрама туралы: «Нәтиже Қазақстанның спорттық әлеуетіне сәйкес келмейді» дей келе, «ұлттық құраманың Олимпиадада өнер көрсетуі спорт саласына шұғыл, тиімді реформалардың қажет екендігін айғақтайды. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға назар аударып, әлемдік аренада биік табыстарға жетуге ұмтылу керек. Париждегі келесі ойындарда еліміздің үмітін ақтайтын нәтижелерді көрсету үшін Токио Олимпиадасынан дұрыс сабақ алуымыз қажет» деп тұжырымдаған болатын.

Осыған байланысты жақын арада еліміздің Ұлттық Олимпиадалық комитеті тарапынан биылғы Олимпиадада ұлттық құраманың өнер көрсетуі туралы толық есеп беріледі деп үміттенемін.

Біздің ойымызша, Қазақстанда балалар спорты мен дене шынықтырудың жаппай құбылысқа айналуына және жалпы кәсіптік білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, қорғаныс, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік салаларында маңызды орынға ие болуына қол жеткізу керек.

Болашақта дені сау ұлтты қалыптастыру үшін дене шынықтыру және спорт саласын басқару стратегиялық сипатқа ие болуы қажет.

Нағыз патриотизм және отанға, ұлт пен туған жерге деген шынайы махаббат біздің әрбір спортшымыз бен оның тәлімгерлерінің жеңіске деген басты мотивациясы болуы керек.

2022 жылғы 4-20 ақпан аралығында Бейжің қаласында XXIV қысқы Олимпиада ойындары өтеді. Олардың басталуына бес айдан аз уақыт қалды және биыл жазғы нәтиженің қайталануын бәріміз де қаламаймыз.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды:

қысқы ойындарға дайындығымыз қандай?

Токиодағы жағдай қайталанбауы үшін не істеуіміз қажет?

қысқы Олимпиадаға спортшыларды іріктеу, жаттығудың жай-күйі, қаржыландыру мәселесі қандай? Осы туралы білгіміз келеді.

Сонымен қатар сізден:

біздің ұлттық құраманың қысқы әлемдік ойындарға дайындық деңгейі және спортшыларымыздың өнер көрсету перспективалары жөнінде;

Олимпиадаға барынша дайындық мақсатында қажетті жүйелі шаралар мен ұсыныстар, оның ішінде заңнамалық сипаттағы мәселелер туралы ақпарат беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалыма заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді өтінемін. Құрметпен, депутат Нұрсипатов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Председателю Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой.

«Құрметті Наталья Николаевна! Прошу Вас сообщить о состоянии работы и принятых мерах по совершенствованию и автоматизации системы управления рисками, цифровизации процесса сбора, обработки информации от субъектов аудита, а также статистических отчетов, по организации координации и методического контроля за деятельностью ревизионных комиссий страны, информировать о дисциплинарной ответственности руководителей и членов ревизионных комиссий по вашим ходатайствам перед маслихатами.

Данные вопросы связаны с тем, что результаты анализа свидетельствуют о серьезных нарушениях при осуществлении руководством и государственными аудиторами контрольно-надзорных функций, начиная с вопросов планирования и заканчивая процессом аудита и финансового контроля.

Кроме того, ревизионными комиссиями областей и городов республиканского значения формирование перечня объектов аудита осуществляется вопреки требованиям Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», порой без учета типовой системы управления рисками и лично на свое усмотрение.

Так, более чем в 3500 случаях расчет рисков проведен на основании данных, полученных в рамках предварительного анализа, без применения каких-либо мероприятий и методик, предусмотренных основным этапом типовой системы управления рисками, что является недопустимым. К примеру, ГКП на ПХВ «Служба спасения города Алматы» отнесено ревизионной комиссией к высокой степени риска, тогда как в соответствии с алгоритмом, утвержденным типовой системой управления рисками, объект относится к низкой степени риска, подвергать его аудиту нецелесообразно.

Недостаточная аналитическая работа ревизионных комиссий явилась следствием необоснованного включения в перечень 1667 объектов аудита с минимальным и средним рисками, которые подверглись тотальным проверкам. Меры реагирования по ним должны были ограничиться лишь мониторингом и проведением превентивной работы. В то же время в отношении 1867 организаций с высокой степенью риска вопрос о проведении проверок не поднимался. В частности, ревизионной комиссией Алматы в процессе управления рисками не использовался математический алгоритм расчетов, предусмотренный в типовой системе управления рисками, это привело к незаконному включению в перечень 49 объектов аудита.

Так, согласно сводному реестру рисков за прошлый год Департамент по чрезвычайным ситуациям по Карагандинской области отнесен к объекту с высокой степенью риска. Однако в перечень объектов аудита на 2020 – 2021 годы Департамент по чрезвычайным ситуациям не включен. В свою очередь, на 2020 год были запланированы проверки организаций со средней степенью риска, а именно Управление здравоохранения области и Управление строительства, архитектуры и градостроительства области.

В результате недостаточно правильного определения рисков 650 проверок оказались безрезультативными. К примеру, за 2019 – 2020 годы из 776 проверок, проведенных ревизионной комиссией по Алматинской области, выявлены нарушения только по 347 (это всего 44 процента). Между тем на командировочные расходы аудиторов в этот период было потрачено более половины (62 процента) от реально взысканных в бюджет средств (командировочные расходы – 65 миллионов тенге, возмещено в доход государства чуть более 100 миллионов тенге).

В целом многочисленные нарушения свидетельствуют об отсутствии надлежащего ведомственного контроля со стороны председателя и членов ревизионных комиссий и являются следствием игнорирования требований законодательства. Этому также способствует несовершенство механизмов реализации контрольно-надзорных функций, в частности, системы управления рисками, которая достаточно сложна для применения на практике и требует упрощения.

Важно отметить, что в соответствии со статьей 12 закона Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета осуществляет методологическое руководство в сфере государственного аудита и финансового контроля, реализует программы обучения в области государственного аудита, оказывает методическую помощь ревизионным комиссиям.

Наличие в каждом регионе характерных нарушений свидетельствует об отсутствии единого ведомственного и методологического контроля за деятельностью ревизионных комиссий.

В целом по республике насчитывается 676 сотрудников ревизионных комиссий. Штатная численность зависит от специфики региона. На их содержание ежегодно тратится около 4 миллиардов тенге.

Таким образом, в соответствии со статьей 3 закона ревизионные комиссии недостаточно обеспечивают достижение поставленных перед ними целей по повышению эффективности управления и использования бюджетных средств и активов государства, несмотря на значительное количество штата и выделяемые средства.

Прошу дать письменный ответ в установленный законом срок».

Полный текст депутатского запроса прилагается.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Сәсібо.

Сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің сауалымыз Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжановқа жолданады.

«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен қатар келген 90 жылдық мерейтой иесінің бірі – есімі исі қазаққа кеңінен мәлім, көзі тірісінде даңқы қазақ еліне жайылған мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнолог Өзбекәлі Жәнібеков. Әл-Фарабидей дананың елі Отырардай қасиетті өңірде дүниеге келіп, тарихпен, елтанумен, мұратанумен, ұлттық мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғаумен өнегелі ғұмыр кешкені, жалпы қазақтану ғылымының қара нарына, ұлт мақтанышына айналғандығы бәрімізге белгілі.

Туған елі мен жері үшін, ана тілі мен өнері үшін, тарихы мен мәдениеті үшін бүкіл өмірін сарп етіп, орасан зор үлесін қосып, жанталаса еңбек еткен Өзбекәлі Жәнібеков қай қызметте болса да ұлт мүддесін жоғары қоя білген халқының сүйікті ұлдарының бірі әрі бірегейі. Кеңестер Одағының қылышынан қан тамып тұрған қытымыр кезеңінде ұлт руханияты үшін қыруар іс атқарған XX ғасырдың дара тұлғалары Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаровтың жолын асқақ абыроймен жалғастырған Өзбекәлі Жәнібеков Торғай елін түлеткені өз алдына бір бөлек, Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтарды ақтап алуда, оның алдында Шәкәрім есімі мен еңбектерін жарыққа шығарып, халқымен қайта қауыштыруда ұйытқы болды. Осы бір ісінің өзі ғана есімін алтын әріптермен мемлекет тарихында мәңгіге қалдырды. Бұдан басқа Қазақстан тарихында 62 жыл бойы тойланбаған Өз-Наурызбен халқын қайта қауыштырғаны немесе ұлт тілінің тағдырына алаңдап, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құруы, оның «Ана тілі» газетін өмірге әкелуі Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей ықпалымен байланысты.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі қасиетті тайқазанды Эрмитаждан алып келуде басты орындаушы ролін атқаруын ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Осы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін ЮНЕСКО тізіміне қосып, қалпына келтіруге, Арыстан баб мазары маңын халықтың жиі келіп тәу етер жеріне айналдырудағы еңбегі – мәңгі өлмес істер және ізгілікті іздер. Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған Түркістан қаласын ұрпақтар үшін сақтау жолдарын ойластырып, нақты ұйытқысы болған да Өзбекәлі Жәнібеков.

Өзбекәлі Жәнібековтің тағы бір ірі қыры – музей ісінің ірі ұйымдастырушысы бола білгендігі. Мәдениет министрінің орынбасары болып келген кезеңде Қазақстанда небәрі 30 шақты музей болса, ол кісі өзге салаға қызметке ауысқанда мемлекетімізде музей саны 79-ға жетіпті, ал филиалдарын қосқанда 100-ден асқан, яғни Жәнібеков бұл салада да тарихи миссиясын адал атқарды деуге толық негіз бар.

Реформатор тұлға Өзбекәлі Жәнібеков туралы айтқанда, ол кісінің кадр мәселесінде елін сүйген патриоттардың қамқоршысы болды деп айтылады. Мысалы, замандастары Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Шота Уәлихановтар. Осы тұлғалардың да келер жылы 90 жылдық мерейтойлары.

Осыған байланысты Өзбекәлі Жәнібеков бастаған тағдырлас төрт тарихи тұлғаның толыққанды насихатталуы үшін және жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай ұсыныстарға тоқталмақшымыз.

1. Түркістандағы «Тарихи-этнографиялық музейге», Арқалықтағы «Дала өлкесі тарихи облыстық музейіне» Өзбекәлі Жәнібек есімі берілсе дейміз. «Арыстанбаб» қорық-

музейі маңындағы жабылып қалған «Өзбекәлі Жәнібек музейі» жаңартылып, қайта қосылуы керек.

2. Түркістандағы шағын көше Өзбекәлі Жәнібек есіміне үйлесімсіз болғандықтан жаңа орталықтағы кең көшеге есімін беріп, еңселі ескерткішін туған елі – қасиетті Түркістанда тұғырына орнату керек деп білеміз. Мұндай құрмет өзі қызмет атқарған Шымкент және Алматы қалаларында да жасалуы керек.

3. Төрт тарихи тұлғаның көп томдық шығармалар жинақтарын толықтырып жарыққа шығару, өмірлерінен деректі кино туындылар жасау және жоғары оқу орындарында халықаралық конференциялардың өткізілуі кезек күттірмейтін мәселе. Бұны Мәдениет және спорт, Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктері қолға алады деп сенеміз.

Депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Нухұлы, Бақтиярұлы, Құртаев, Жүсіп».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**

**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2021 жылғы 23 қыркүйек**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола по оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте к Рамочной конвенции по защите морской среды Каспийского моря», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.А. БРЕКЕШЕВТІҢ баяндамасы**

Доклад Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан БРЕКЕШЕВА С.А. .... 1

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ҚҰРТАЕВ Ә.С. .... 2

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т. .... 3

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

МУСИН Д.М. .... 4

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам социальной защиты отдельных категорий граждан» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы  
Н. ТӨРЕҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ТУРЕҒАЛИЕВА Н. .... 5

**Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Мамину А.У. .... 6

**Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДҮЙСЕМБАЕВА Ғ.И. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Мамину А.У. .... 7

**Депутат Н.Н. НҮРСИПАТОВТЫҢ Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі А.Р. Райымқұловаға депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НҮРСИПАТОВА Н.Н. к Министру культуры и  
спорта Республики Казахстан Раимқұловой А.Р. .... 9

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы Н.Н. Годуноваға депутаттық  
сауалы**

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Председателю Счетного  
комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой Н.Н. .... 10

**Депутат А. НУХҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУХУЛЫ А. к Заместителю Премьер-Министра  
Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. .... 11

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы



А. Құсайынов



И. Шыныбаева